



Аты-жөні: ..... Мектебі: ..... Сыныбы: .....

Тел.номері: +7 ..... Ата-анаңыздың тел.номері: +7 .....


✂ ..... Т і г у ..... с ы з ы ғ ы .....

**Барлығы 100 ұнай, уақыты 100 минут**

**I. Талдау сұраулары. (  $11 \times 3 = 33$  ұнай)**

1. Өрнектің мәнін тап:  $2019 \cdot 2018 - 2018 \cdot 2017 = [ \quad ]$   
 A. 5125                      B. 4709                      C. 3018                      D. 4036

2. Заңдылық бойынша белгісіз санды тап.



- A. 5                              B. 8                              C. 10                              D. 9


3. Арман үйден мектепке дейін велосипедпен барып, қайтарда жаяу келгенде, барып-қайтуға барлығы 50 минут уақыт жұмсады. Ал үйден мектепке дейін велосипедпен барып қайтуға 30 минут уақыт жұмсады. Арман үйден мектепке дейін жаяу барып қайтса қанша уақыт жұмсаған болар еді? [              ].  
 A. 20 мин                      B. 50 мин                      C. 60 мин                      D. 70 мин

4. Оқушы үш түрлі кәмпит сатып алды: үлкен, орташа және кіші. Өрбір үлкен кәмпит 4 тг, орташа 2 тг және кіші 1 тг. Ол 10 кәмпит сатып алып, сатушыға 16 тг төлеген болса, ол қанша орташа кәмпит сатып алған? [              ].  
 A. 10                              B. 2                              C. 3                              D. 4



5. Арман белгісіз натурал санды алды да, оны қатесіз үшке көбейтті. Төмендегі сандардың қайсысы шықпауы мүмкін? [              ].  
 A. 103                              B. 105                              C. 204                              D. 444
6. Асқар дәптерге цифрлары кему ретімен орналасқан үш таңбалы сандардың барлығын тізіп жазды. Жазылған сандардың ең үлкені мен ең кішісінің айырымы нешеге тең? [              ].  
 A. 24                              B. 67                              C. 62                              D. 777

7. 13 жылдан соң менің бес баламның жастарының қосындысы 97 жас болады. Менің балаларымның жастарының қосындысы жеті жылдан кейін қанша жас болды? [      ].  
 A. 63                                  B. 73                                  C. 59                                  D. 67
8. Ұзындығы 2018 м жолдың екі жағына ағаш екті. Егер екі ағаштың аралығы 2 метрден болса, онда барлығы [      ] ағаш егілді?  
 A. 2015                                  B. 2020                                  C. 2018                                  D. 4036
9.  $AЛ + ТЫН + СА + ҚА = [      ]$  қосындысының ең үлкен мәнін есептеңіз. (Бірдей әріптің орнына бірдей цифрды, әр түрлі әріптің орнына әр түрлі цифрды қою қажет)  
 A. 951                                  B. 927                                  C. 1086                                  D. 1183
10. Сыныпта 60 оқушы бар. Олардың 22-сі қазақ тілін біледі, 25-і орыс тілін біледі, 20-сы екі тілді де білмейді. Оқушылардың нешеуі екі тілді де (қазақ және орыс тілдерін) біледі?  
 [      ].  
 A. 5    B. 6    C. 7    D. 8
11. Алты жақ беті қызыл, сары, көк, жасыл, ақ, күлгін түстермен боялған текше бар. Төменде берілген суреттерді пайдаланып, осы текшенің көк түске қарама-қарсы беттің қандай түспен боялғанын анықтаңыздар. [      ].




- A. Сары                                  B. Күлгін                                  C. Қызыл                                  D. Ақ


**II. Бос орын толтыру сұраулары (10 × 4 = 40 ұнай)**

1. Биыл ағасы Асаннан 7 есе үлкен. Егер 5 жылдан кейін ағасы Асаннан 4 есе үлкен болса, онда биыл ағасы [      ] жаста, ал Асан биыл [      ] жаста.
2. Бір ағашты 4 бөлікке бөлу үшін 12 минут уақыт кетеді. Онда осы ағашты 8 бөлікке бөлу үшін [      ] минут уақыт кетеді.
3. Егер  $Z = 0:40$ ;  $R = E \cdot 2$ ;  $D = 12:E$ ;  $E = 28:7$ ;  $L = D + E$  және  $Z + E + R + D + E + L + I = 35$  – ке тең болса, онда  $I + Z + D + E = [      ]$ ;
4. Асан үш таңбалы сан ойлаған. Белгісіз үш таңбалы сан 543, 142 және 562 сандарының кез келгенімен разрядтарының бірі сәйкес келеді, ал қалған екеуі сәйкес келмейді. Асан ойлаған сан: [      ].

5. 1-суреттегідей үлкен-кішілігі бірдей 4 тіктөртбұрыш пен периметрі 8 см болатын кішкене шаршы арқылы ұзындығы 18 см болатын бір үлкен шаршы құралған. Әр тіктөртбұрыштың периметрі қанша? [            ]



1-сурет



2-сурет

6. Жоғарыда 2-суреттегідей сызбаның ауданын есептеңіздер. (Өлшем бірлігі: дм) [            ].
7. Мектеп асханасындағы бір жәшік алманы сыныптағы балаларға таратып беру керек. Егер әр балаға 8-ден берсе, 6 алма артылып қалады, ал 9-дан берсе, 12 алма жетпей қалады. Сыныпта [            ] бала бар. Жәшікте [            ] алма болған.
8. «Алтын сақа» олимпиадасының I кезеңі бойынша 4 «А» сыныбында жоғары ұпай жинаған 5 оқушының орташа ұпайы 81 болған. 6-ыншы оқушыны тексергеннен кейін осы 6 оқушының орташа ұпайы 83 болған. Онда 6-ыншы оқушының алған ұпайы: [            ].
9. Інісінде 140 теңге бар, ағасында 100 теңге бар. Ағасы інісіне қанша ақша берсе, інісінің ақшасы ағасының ақшасының 3 есесіндей болады? [            ]
10. Суретте бір ананастың салмағы қанша шиенің салмағымен тең? [            ]



### III. Есептеу сұраулары (27 ұнай)

1. Сатушы бірінші адамға барлық алмасының жартысын және тағы жарты алма сатты, екіншісіне қалғанының жартысын және жарты алма сатты, үшіншісіне де жаңа қалғанының жартысын және жарты алма сатты, т.с.с. алтыншы адам келгенде, ол да қалған алманың жартысын және жарты алма алғанда, барлық алма таусылды. Барлық адамдар алған алмалар саны бөлшек емес, бүтін сан болса, сатушының бастапқыда қанша алмасы болған? (10 ұнай)
2. Жұмысқа кешіккен әрбір күн үшін жалақыдан 700 тг тартылады. Екі достың алатын жалақылары бірдей. Біріншісі 20 күн кешікпей келгені үшін 41 000 тг, ал екіншісі 21 күн істеген жұмысы үшін одан азырақ алды, себебі ол жұмысқа үш рет кешігіп келді. Екінші достың алған жалақысы қандай? (7 ұнай)
3. Математикалық ребустың шешімін тап. ( мұндағы бірдей әріптер бірдей цифрлар, әр түрлі әріптер әр түрлі цифрларға сәйкес келеді.  $\overline{ZERDELI}$  және  $\overline{8RIR588}$  ондық жүйеде жазылған 7 таңбалы сан, әріптерге сәйкес цифрларды табу керек.) (10 ұнай)

$$\overline{ZERDELI} \cdot 4 = \overline{8RIR588}$$

**«Алтын сақа»**  
**математикалық олимпиадасы аяқталды**